

Құқықбұзушылықтың алдын алу отырысы болып өтті

Хаттама №1

Қатысуға тиіс: 8

Қатысқаны: 7

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер:

1. Алдын алу кеңесінің ережесімен танысу
2. Алдын алу кеңесінің 2023 - 2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен танысу;
3. Оқушыларды мектепшілік есепке қою және есептен шығару ережелері туралы таныстыру.
4. Жасөспірімнің жеке басын психологиялық және педагогикалық түзету және оның деформациясының себептерін жою бойынша психологтардың жұмыс жоспарын бекіту;
5. "Тәуекел тобындағы" оқушыларға, әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасылардан шыққан балаларға, тұрмысы нашар отбасылардан шыққан балаларға, есепте тұрған балаларға деректер банкін қатыптастыру және түзету, сынып оқушыларының деректерін мектептің әлеуметтік паспортына түзету.
6. Ойыл АПБ-нің полиция инспекторымен бірлескен жоспарын бекіту;
7. 2022-2023 оқу жылына арналған отбасылардағы өзара қарым-қатынастарды зерттеу бойынша іс-шаралар кестесін бекіту.
8. Әлеуметтік педагогтың 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту

Тыңдалды:

Бүгінгі күн тәртібіндегі мәселелермен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А. Сулейменова таныстырып өтті. 2023-2024 оқу жылына барлығына сәттілік тіледі. Алдағы атқарылатын жұмыстарды бірлесіп атқаруға шақырды.

Сөйлеушілер:

Бірінші мәселе бойынша-Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.

Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр, себебі өмірлік қиын жағдайға душар болған жасөспірімдердің саны азаяр емес. Бұл санатқа, көбінесе отбасылық жағдайы нашар, демалыс мезгілі ойластырылмаған, өздеріне өздері бас болып жүрген балалар жатады.

Екінші мәселе бойынша –Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмыс жоспарымен таныстырылды. Оқушылармен, ата аналармен алдағы атқарылатын жұмыстар жөнінде айтылды.

Үшінші мәселе бойынша-Қылмыстың алдын алудың бірден-бір жолы – оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру. Бүгінгі күні мектептегі мектептен тыс оқушы қосымша біліммен қамтылып отыр.

Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыс саны азая түседі. Мысалы, ішкі істер бөлімінде тіркеуде тұрған бала жоқ. Оқушыларды мектепшілік есепке қою және есептен шығару ережелері туралы таныстырылды.

Төртінші мәселе бойынша -баланың психикалық дамуы және психологиялық портретін құру немесе бүтіндей жас топтарымен танысу кезінде немесе басқа да аспектілерді көрсетеді. Ол еркін түрде жазылады және әкімшіліктен бұрыштама қоюды талап етпейді. Сипаттама баланың жеке даму ерекшеліктері туралы, яғни оның танымдық және тұлғалық- эмоционалдық саласы, психофизиологиялық қыр-сырлары, коммуникативтік тілектері, балада бар жалпы және арнайы қабілеттері және т.б көрсетіледі. Мектеп психологі Р.Уразбекова жасөспірімнің жеке басын психологиялық және педагогикалық түзету және оның деформациясының себептерін жою бойынша психологтардың жұмыс жоспарымен таныстырып өтті.

Бесінші мәселе бойынша- Әлеуметтік педагог С.Д.Серикбаева "Тәуекел тобындағы" оқушыларға, әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасылардан шыққан балаларға, тұрмысы нашар отбасылардан шыққан балаларға, есепте тұрған балаларға деректер банкіне қалыптастыру және түзету, сынып оқушыларының деректерін мектептің әлеуметтік паспортын толықтырып жасағаны туралы айтып өтті.

Алтыншы мәселе бойынша- А.А. Сулейменова сөз алып Ойыл АПБ-нің полиция инспекторымен бірлескен жоспарымен таныстырып өтті.

Жетінші, сегізінші мәселелер бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған отбасылардағы өзара қарым-қатынастарды зерттеу бойынша іс-шаралар кестесін бекіту, Әлеуметтік педагогтың 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту таныстырылып айтылды.

Жиналыс қаулы етеді:

- 1.Алдын алу кеңесінің ережесімен таныстырылды
- 2.Алдын алу кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырылып алдағы уақытта жоспармен жұмыстар жүргізілсін.

3. Оқушыларды мектепшілік есепке қою және есептен шығару ережелері есепке алынсын.
4. Жасөспірімнің жеке басын психологиялық және педагогикалық түзету және оның деформациясының себептерін жою бойынша психологтардың жұмыс жоспарын бекітілсін.
5. "Тәуекел тобындағы" оқушыларға, әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасылардан шыққан балаларға, тұрмысы нашар отбасылардан шыққан балаларға, есепте тұрған балаларға деректер банкін қатыптастыру және түзету, сынып оқушыларының деректерін мектептің әлеуметтік паспортына түзету енгізілсін.
6. Ойыл АПБ-нің полиция инспекторымен бірлескен жоспарын бекітіліп жұмыстар жүргізілсін.
7. 2023-2024 оқу жылына арналған отбасылардағы өзара қарым-қатынастарды зерттеу бойынша іс-шаралар кестесін бекітілсін.
8. Әлеуметтік педагогтың 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекітіліп жоспар негізінде шаралар уақытылы өткізілсін.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары :  А.А. Сулейменова

Хатшы:  А.Д. Урманова